ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ

«Бөбек» балалар бақшасы» МКҚК
бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі
талдау нәтижелері туралы

Қордай ауылы 21 шілде 2026жыл.

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының
білім бөлімінің «Бөбек» балалар бақшасы МКҚК меңгерушісі Абдыбаева Г.Ж. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2026 жылғы 01 шілдедегі № 18 бұйрығы негізінде ішкі талдауға 2026 жылдың 05 қаңтардан 2026 жылдың 30 маусым айы аралығы қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілді.

«Бөбек» балалар бақшасы жанынан құрылған комиссия құрамы:

1.Комиссия төрайымы: - Кембаева Аксана Мейркуловна- балабақша әдіскері;
Комиссия мүшесі- Куанышева Раушан Кусаиновна – балабақша психологы;
Комиссия мүшесі - Айнакожаева Ляззат Турысбековна – балабақша тәрбиешісі;
Комиссия мүшесі - Джургенова Гульнара Кияскановна- кәсіподақ төрайымы;
Комиссия мүшесі - Иманбаева Мейрамгүл Одгонбаевна- шаруа меңгеруші;
Хатшы- Дауешова Индира Сайлаубековна;

Талдаудың мәні:

1) Мүдделер қақтығысын реттеу:
2) Персоналды басқару;
3) Мемлекеттік қызмет көрсету;
4) Балабақшаның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

1. Сипаттама бөлігі: басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау.

Педагогтер саны-14;
Жұмысшылар саны-15:
Бос орындар-жоқ

Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара жоспары жасалынған. Сыбайлас жемқорлыққа тап болған жағдайда 1424 Call –центріне хабарласу керектігі туралы арнайы парақшалар ілінген.

2.Мүдделер қақтығысын реттеу.

Талдау барысында мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының фактілері анықталмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Барлық мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі, оның ішінде құжаттарды қабылдау, тіркеу және нәтижесін беру процестері талданды. Тәрбиеленушілерді қабылдау барысында №254 бұйрыққа сәйкес стандарт бойынша қабылданған.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау;

Қазіргі таңда кәсіпорында 80 бала тәрбиеленуде, барлық тәрбиеленушілердің жолдамалары бар. **INDIGO** - бұл жүйе автоматтандырылған барлық мектепке дейінгі ұйымдардың бірыңғай тізілімі, балаларды қабылдау бойынша электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, ваучер алуға кезектер, барлық мәліметтердің барынша ашықтығы, балалардың электрондық жеке істері және қолма-қол ақшасыз төлемдер жүйесінің берген жолдамасы арқылы жүргізіледі. Автоматтандырылған жүйе аталған процедураның тазалығы мен сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасамауға ықпал етеді.

4. Рұқсат беру фунуцияларын іске асыру.

Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту,
2) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
3) білім беру бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру;
4) егер «Білім туралы» Заңда және қабылдаудың үлгілік қағидаларында өзгеше көзделмесе білім беру қызметінен айналысуға берілген лицензияға сәйкес білім алушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастыру;
5) өз қаражаттары шектерінде мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне Қазақстан республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлық ақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстем ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;
6) Қазақстан Республикасыны заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамассыз ету,
7) Қазақстан Республикасыны заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогтердің міндетті медициналық қарап-тексеруден өтуін қамтамассыз ету;
8) мекемені материалдық –техникалық қамтамассыз ету, жабдықта;
9) Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамассыз ету;
10) Балалрдың денсаулығына және дамуына тигізетін ақпаратқа қол жетуін шектеуге арналған, байланыс операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдалана отырып, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің интернетке қол жеткізуін қамтамассыз ету;
11) Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді беруді қамтамассыз ету;
12) Кадрларды кәсіптік даярлаудың қазіргі заманғы нысандарын енгізу.

5. Басқару –тексеру функцияларын іске асыру.

Балалар бақшаның бақылау жоспары Қазақстан республикасы Білім және ғылым министірінің « Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы ,қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес әзірленеді. Жоспар бойынша әзірленіп келеді.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Қаржы қаражаттарын жоспарлау және пайдалану тәртібі талданды. Қаражатты мақсатсыз жұмсау, есептіліктің ашық еместігі анықталмады.

Барлығы талапқа сай өткізілген.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасау

2026 жылдан бастап аттестаттаудан өту үшін мемлекеттік қызмет «ҰСТАЗ» платформасы арқылы «педагог –модератор», «педагог- сарапшы» біліктілік санатына , электрондық үкметтивеб-порталы арқылы –«педагог-зертеуші», «педагог-шебер», «үшінші санатты басшы», «екінші санаты басшы», «бірінші санатты басшы» санатына көрсетіледі.

2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтуге өтініш берген педагогтар жоқ.

Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзгеде мәселелер.

1. Балалар бақшаның құзырына жататын және орындауға тиісті бұйрықтар, актілер шығарылады, педагогикалық, меңгеруші жанындағы кеңес және әдістемелік кенес шешімдерін қабылдайды.
2. Әдіскер педагогтердің және басқа да қызметкерлердің міндеттері мен дәрежесін белгілейді;
3. Білім беру сапасын бақылауды жүзеге асырады, білім беру процесі кезінде білім алушылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі денсаулығының қауіпсіздігіне жағдайлар жасайды,
4. Оқу материалдық базаның есебін, сақталуын және толықтырылуын, санитарлық – гигиеналық режим, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының сақталуын қамтамассыз етеді,
5. Балабақшаның штаттық кестесіне өзгеріс енгізеді және оны бекітеді;

6. Ішкі тәртіп ережелерін бекітеді;
7. Педоготердің бос немесе уақытша бос лауазымына арналған конкурсты ұйымдастырады,педаготерді жұмысқа қабылдауды конкурстық негізде жүзеге асырады;
8. Еңбек тәртібін сақтау мақсатында педагогтерге, кіші қызметкерге түрлі әкімшілік жаза қолданады;
9. Педогогтерді және кіші қызметкерді қызметке тағайындау және қызметтен босату, қызметкерлерді марапаттау және жазалау шараларын белгілейді;
10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді;
11. Азаматтардың хаттарын арыз шағымдарын қарайды, тиісті шаралар қолданады, азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдайды;

Жұмыс тобының мүшелері:.
Әдіскер: **Кембаева А.М.**
Кәсіподақ төрайымы: **Джургенова Г.К.**
Шаруашылық меңгерушісі: **Иманбаева М.О.**
Тәрбиеші **Айнакожаева Л.Т.**
Психолог **Куанышева Р.К**
Хатшы **Дауешова И.С.**

Таныстым:
«Бөбек» балалар бақшасының меңгерушісі: **Абдыбаева Г.Ж**